

ОӘК 333.657

**СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА  
ҚАЛАСЫНДА РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС АУДАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Жанарбек Гүлжайна Жанарбекқызы**

*Zhanarbek.gulzhaina@gmail.com*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

туризм мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі-Шарапаева Бота Жанабекқызы.

**Аңдатпа.** РБА концепциясы пайда болған сәттен бастап маңызды функционалдық аймақ ретінде ғылыми және басқа да салалардың назарын өзіне аударып келеді. Берілген зерттеу жұмысы РБА-ның даму тарихын қысқаша түсіндіруге бағытталған. Ол сол жағалаудағы Қызылорда қаласында РБА-ға қатысты пайда болған мәселелерді көрсетуді көздейді. Жаңа Қызылорда қаласы РБА -Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан. Ол тарихи және мәдени ресурстар мен бизнес жүргізуге таптырмас орын. Дегенмен,

рекреациялық қызмет көрсету тұрғысынан қарағанда, РБА ғы рекреациялық орта нашар дамыған. Берілген жұмыста сол жағалаудағы қала РБА-ғы қазіргі таңда орын алып отырған мәселелер мен кемшіліктерге талдау жасалады, ол рекреациялық қосымша қондырғыларды, тарихи және мәдени туризм өнімдерінің дамуы мен аймақтың тарихи, мәдени маңыздылығын қамтиды. Зерттеу жұмысы рекреациялық қосымша қондырғыларды, тарихи және мәдени туризм өнімдері мен дәстүрлі мәдени мұраны дамыту тұрғысынан рекреациялық қызмет көрсетудің жаңғыртпаларын қарастырады, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік дамулардың үйлесімділігіне қол жеткізуде РБА-ның жалпы тұрақты дамуы мен тарихи-мәдени мұраларды негізге алады. РБА-ның қалыптасуы мен дамуы қалалық дамудың жаңа бастамаларының пайда болуына түрткі болды: әр түрлі қызмет түрлерін ұсынатын қалалық аймақтар, бір қызмет түрін ұсынатын аймақтарға қарағанда халықтың көңілін көбірек тартып, бәсекеге қабілетті бола түседі.

**Негізгі сөздер:** Туризм, рекреациялық бизнес ауданы (РБА), рекреациялық қызметтер, сол жағалау, қонақ үй.

20 ғасырдың басында адамдар қалалық рекреациялық дамудың және оның қызметтерінің өмірлік маңызын түсінді, 1933 жылғы «Афиналық хартиядан» рекреациялық қызметтің қаланың негізгі төрт қызметінің (тұрғын үй құрылысы, транспорт, жұмыс пен демалу) бірі екені айқын көрінеді. Қалалық коммерциялық рекреациялық аймақ қала орталықтарының ең көрнекті жерлеріне айналды, қаланың орталық іскерлік аймағы жайлы мәдени орта және адамдардың демалып, ойнап, сауда жасауларына қолайлы аймақ құру мақсатымен бірқатар ойын-сауық шараларының топтасуына негізделген.

Халықтың басым көпшілігі қалаларда тұрады, қаланың тұрмыстық қызметтері оның негізгі қызметтерінің бірі болып табылады, қаланың тарихи дамуымен салыстырғанда оның туристік қызметтері соңғы жылдары ғана назарға алына бастады. Осылайша бірқатар үлкен қалаларда жаңа қалалық аймақ, атап айтқанда, Рекреациялық бизнес ауданы (РБА) қалыптасты. 1923 жылы Чикаго мектебінің өкілі Е.В. Берджесс ОИА, яғни «орталық іскерлік аймақ» концепциясын ұсынды. ОИА-пен салыстырғанда РБА-ның зерттелгеніне көп болған жоқ, зерттеу нәтижелері де сондай көп емес. 1958 жылы осыған байланысты зерттеу жүргізіліп, Барретт жағадағы туризмнің дамуына терең талдау жасайды, ол туристерді жағадағы үймен қамту, тамақтандыру, ойын-сауық, бизнес пен орталық аймақта кең таралған туристік объектілерді зерттеді. Алынған теориялардың кейбіреулері қалалық туризм мен сауықтыру аймақтарының географиясын зерттеуде қолданылды.

Рекреациялық бизнес ауданы (РБА) С.А.Стенсфилд пен Дж.Е. Риккерт ұсынған концепцияға (1970, 218б) негізделген, олардың ойынша РБА қаладағы мейрамханалар, тың сауық-сайран ғимараттары мен кәдесый дүкендері орналасқан аймаққа көңіл бөлетін қала қонақтарының маусымдық қажеттілігі ғана болып табылады. Берілген жұмыста зерттеудің әдіс-тәсілдері мен эмпирикалық зерттеулер белгілі бір теория тудырады. Теориялық зерттеулер негізінен әдебиеттерге сүйеніп жасалады, осы орайда зерттеу тақырыбына, оны қолдануға қатысты түрлі әдебиеттерге шолу жасалынады; әдіс-тәсілдердің тәжірибелік бөлігі мәліметтерді зерттеу және аялық жұмыстар деп аталатын екі бөліктен құралады. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа Қызылорда қаласын РБА-ны мысал ретінде қарастырайық. Қызылорда қаласының қалыптасу тарихы бұрынғы маңызын жоғалтпай, тек аты ғана бірнеше рет өзгергенімен: Ақмешіт – 1818 жылы, Перовск – 1853 жылы, қайтадан Ақмешіт – 1922 жылы, Қызылорда – 1925 жылы, әр кезеңде Сыр бойы атырабының әлеуметтік және мәдени орталығы болып қалыптасты. Қала теңіз деңгейінен 126-130 м биіктікте жатыр. Қала аумағы өзенді бойлай оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай төртбұрышты пішінде созылып жатыр. Жер аумағы 3683 га. Қаланың 17,0 га аумағы теміржол тораптарына, 165 га аумағы көліктік көшелерге, 19 га аумағы қала бақтары мен демалыс орындарына, 51 га алқабы шөлді-шөлейтті орындар үлесіне Біріншіден, қала тарихын бірқатар кітаптарды оқу арқылы түсініп алу керек, кейін аялық зерттеулер, қатысушылардың бақылау жүргізуі, пайдалы мәліметтерді жинау жүзеге асырылады. Зерттеу РБА-ға қатысты кейбір

материалдарға қол жеткізу үшін ғаламтордың қызметтеріне жүгінді.

Жаңа Қызылорда қаласы РБА - Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан, ол сауда-саттық қызу жүргелі жатқан орталық, бес жылға жуық уақыт бойы түрлі тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын объектілер салынып, тарихи және мәдени маңызы бар болашақ туристік-рекреациялық аудан. Сырдарияның сол жағалауында жаңа қаланың құрылысы басталды. Бұл туралы "Байқоңыр" VI инвестициялық форумы (14-15.12.2015ж.) барысында Қызылорда облысы әкімінің Сырдария өзенінің сол жағалауын салу жобасына жетекшілік ететін орынбасары Серік Сүлейменов мәлімдеді. Қаланың өзен жағалауындағы жаяу жүргіншілерге арналған жолдары (набережное) РБА-ның ең басты бөлігі болып табылады, бұған сонымен қатар ескерткіштер, туристерге арналған көрнекті жерлер жастарға қызмет көрсету орталығы, «Рухани жаңғыру» ғимараты, тұрғын үй кешендері, бос уақытты өткізуге арналған түрлі қызмет көрсету аймақтары кіреді.

РБА жайлы мәдени орта және адамдардың демалып, ойнап, сауда жасауларына қолайлы аймақ құру мақсатымен бірқатар ойын-сауық шараларының топтасуына негізделген қаланың орталық іскерлік аймағы болып табылады. Облыс басшылығының айтуынша, осындай ауқымды жобаны жүзеге асыру үшін бірқатар объективті себептер болды:

-Өңірдің қарқынды әлеуметтік-экономикалық және индустриялық дамуы;

-Ұлы Жібек жолының тарихи бағыттарын — "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" трассасының қалпына келтірілуі);

-Демография-жас халық, облыс тұрғындарының қалаға қоныс аударуы, туудың жоғары көрсеткіштері;

-Ескі қала, қала маңындағы елді мекендер мен Қызылорданың азық-түлік белдеуі арасындағы қысқа байланыс қажеттілігі.

Қызылорданың сол жағалауына жету үшін орталық стадионның жанында орналасқан көпірден өту керек. Көпір алдында жергілікті университет ғимараты орналасады. Мұнда білім беру кампусы ашылады. Көпірдің оң жағында қызыл кірпіштен және бір бірінің көшірмесі ретінде салынған 18 көпқабатты үй бар. Сол жағалаудың Құрылыс дамыту перспективасын жеке инвесторлар жүргізеді. Қазір жалғыз көше бойынан-қылыш ретінде иілген нысандар салынып жатыр, ол 700 метрге созылып жатыр. Осы жерде Қызылорда қаласы Тарих мұражайының филиалы, "Рухани жаңғыру" орталығы орналасқан.


2019-2020 жылдары сол жағалауда бірнеше көпқабатты үйлер, мектептер, облыстық көп салалы аурухана, Неке сарайы, балабақша, жатақханасы бар физика-математикалық мектеп, сауда-ойын-сауық кешені құрылысы жоспарланған. Жағалау жиегінде инфрақұрылымнан тек металл қоршау ғана бар, бірақ болашақта мұнда демалыс орындары, велосипед және жүгіру жолдары пайда болады. Егер барлық жоспарлар экономикалық дағдарыс пен құрылыс кезіндегі технологиялық қиындықтарға қарамастан таяу онжылдықта жүзеге асырылса, онда Сырдария жағасындағы жаңа қала қазіргі Қазақстан тарихындағы теңдессіз инвестициялық жобаға айналады. Жаңа Қызылорда бірегей түркі стилінде салынған қала болады. Сәулетшілер жобаны жасай отырып, бірінші кезекте болашақ тұрғындардың жайлы, ыңғайлы, өмір сүру үшін ойластырылған қала ортасына деген қажеттілігін негізге алды. Сонымен қатар, жаңа қаланың Қызылорданың тарихи орталығымен, сондай-ақ Жібек жолының көп ғасырлық тарихымен байланысын жоғалтпау маңызды болды. Жаңа қаланың концепті батыс және шығыс қала құрылысы практикасының ең заманауи тәсілдерін өзіне сіңіреді. Бейрут, Бұхара, Ташкент, Йемен және Тунистің сәулеттік элементтері классикалық Таяу шығыс стилінде орындалған бірегей заманауи қала болып табылады.

РБА-ны дамытудағы ықтимал мәселелер:

Қазіргі таңда сол жағалау РБА-ның қызметі жақсы дамытуды. Алайда рекреациялық қызметі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Саудамен қоса, туризм, демалу, ойын-сауық және басқа да қажеттіліктерге деген сұранысты толықтай қамтамасыз ету мүмкін болмай отыр. Туристер мен тұтынушылар сол жағалау РБА-на демалуға, өңір туризмін көтеру үшін келу керек. Коммерциялық бөлініс пен жергілікті аймақты таныстыру ісі әлі де

төменгідеңгейде дамыған, рекреациялық қызмет түрлері үшін тек жағалауда серуендеу ғана бар. Сол үшін маркетинг бағытында көп жұмыс жасау керек. Сәйкесінше қаланы дамытуға инвесторлар да көптеп табылады. Бұл аймақты бәсекеге қабілетті, көрнекті етуді арта түседі. Сол жағалау РБА-да тарихи, мәдени туристік өнімдердің және туристерге арналған көрікті жерлердің саны аз. Сол жағалауға көшіп келушілердің саны өте көп. Тұрғындар қажеттіліктерін өтеу үшін тек азық-түлік дүкендері ғана бар. Сол үшін барлық қажеттіліктерді өтейтін кешендердің көп салынуы керек. Мейрамхана, қонақ үй желілері де көптеп салынса, келушілер саны артады. Қонақ үйлер өзен жағалауында салынса, ал жағалаудан қаланың әсем көрінісі көрінетін көз тартар шамдар мен ерекше сәулет ескерткіштері және архитектурасы ерекше туристік объектілер көрінуі тиіс.


РБА теориясын дамыту ежелгі қаладағы тарихи және мәдени блоктарды дамытудың жаңа бағыты мен жаңа үлгісін ұсынады. Ежелгі қала тарихи ауданын дамытудың гүлденген жаңа кезеңіне қол жеткізу үшін біз ежелгі қаладағы ескі ғимараттар мен тарихи-мәдени мұраны пайдалана аламыз және жаңа дәуірдің кейбір қалалық рекреациялық элементтерін енгізе аламыз. Алайда демалу мәселесі тұрғысынан қарағанда, сол жағалау РБА рекреациялық, коммерциялық мәселелерге тап болды. Ол рекреациялық объектілер мен қызмет көрсетулерді жетілдіру аз қарастырылған. Бұл РБА жоспарлаудағы барлығымызға ортақ мәселе болып табылады.



1-сызба.РБА схемасы

Біріншіден, сол жағалау РБА рекреациялық қызметінің даму жағдайын талдадым. Екіншіден, инстаграм әлеуметтік желісінде сұрақ-жауап ретінде сұрақтар қойылды. Нәтижесінде, Қызылорда қаласының сол жағалауын дамыту керек деп жауап берушілер басым болды. Желі қолданушылардың айтуы бойынша сол жағалауда немесе жалпы қалада мейрамханалар немесе тағамдану желісіндегі танымал тамақтандыру орындарының болмауы (KFC, Mc Donald's), туристерді қызықтыратын объектілердің аздығы, қала туралы жалған стереотиптер (Қызылордада ағаш жоқ, айдалада орналасқан шөл сияқты), ойын-сауық орталықтарының өте аздығы және брендтік танымал киім дүкендерінің болмауы басқа қалаға бару қажеттілігін тудыратыны секілді проблемалар бар екендігі анықталды. Сонымен қоса, сол жағалауды дамытуға ұсыныс айтқандар да болды. Жас ерекшелігіне байланысты 25 жасқа дейінгі қолданушылар Сырдария жағалауында жағажайды дамыту, осы музейді көреміз деп келетіндей ерекше тақырыпқа арналған музей немесе күріш, шыны өндіру заводтарына экскурсия сияқты қызықты жобалар туристтерді тартуы мүмкін екендігін білдірді. Ал, 25 жастан жоғары желі қолданушылары 5\*жұлдызды қонақ үйлердің аздығын, балаларға арналған қала паркінің тек 1-еуі екенін, аквапарктер өте аз, жалпы бос уақытты өткізетін жердің болмауы деген проблема келушілерді қызықтырмайтынын айтты. Үшіншіден, студенттер арасында сауалнама жүргіздім. Сұрақтар

қою арқылы, сол жағалау жайлы, жалпы қалада қандай тур.объект бар екендігін білмейтін студенттер бар болып шықты. Олардың ойларынша, кез-келген елді-мекен жайлы ақпарат тек географиялық, экономикалық жағдайымен ғана шектеледі. Сол үшін қандай жерлерге баруға болады, қашан баруға болады сияқты сұрақтарға жауап ала алатын қалалар сайты болу керек. Сауалнама барысында сол жағалау жайлы білетіндер де болды. Ойларынша, туризмді дамыту өте керек. Сол арқылы тек қала ғана емес, еліміздің туристік жағдайы көтерілмек. Зерттеу нәтижелерін салыстыра келе, 36.7%-ы сол жағалау жайлы біледі, 53.3%-ы жаңа қала жайлы бейхабар, 10%-ы естіген, толық білмейді. Ал, туристік бизнесті қолдаушылар қатары толығымен туризмді қаламызда дамыту керек екенімен келісті.



1-сурет. РБА танымалдығын көрсететін диаграмма

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Д. Гетз. Туризмнің бизнес аудандарын жоспарлау. 1993. Туризмді зерттеу жылнамасы. 16 б.
2. Л.Стивен Ж.Смитт. Рекреациялық туризм географиясы: теориялары мен методикасы. Бейжің, жоғары мектеп баспасы, 1992. 6 б.
3. Бау Жигаң, Гу Шыюн. Гуаңжу қаласының рекреациялық (RBD) аумағының қалыптасуы және дамуы//Гуманитарлық география(№4). 2002. -17 б.
4. Сайт Elitar.kz
5. Сайт Nur.kz, мақала «Каким будет новый город на берегу Сырдарьи?». Автор: Мария;